

**«БЕКІТЕМІН»****«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма төрағасы-ректоры****Н.О. Дулатбеков**

2024 жылғы «12» 02

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамын аттестаттаудан өткізу туралы ереже

I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Аттестаттаудың мақсаты: профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі - ОПҚ) функционалдық міндеттерін ескере отырып, кафедра бойынша атқаратын лауазымына сәйкестік дәрежесін анықтау.

Аттестаттау міндеттері:

- Аттестатталатын ОПҚ-ның лауазымдық мәртебесін белгілеу.
 - ОПҚ-ның кәсіби дамуы үшін жағдай жасау, оның университеттің стратегиялық міндеттерін іске асыруға дайындық дәрежесін арттыру.
 - ОПҚ-ның кәсіби жетістіктеріне мониторинг жүргізу және осылайша негізделген кадрлық іріктеуді жүзеге асыру, университеттің ОПҚ сапасын арттыру.
 - ОПҚ кәсіби қызметінің проблемалық аспектілерін, оның кәсіби және мансаптық өсу перспективаларын анықтау.
 - «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ жағдайында мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал ету.
 - ОПҚ-ның кәсіби қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.
- Аттестаттау қағидаттары:** алқалылық, ашықтық, жүйелілік, айқындық, объективтілік.

1.2. Мақсатты топ және аттестаттау кезеңділігі:

1.2.1. Осы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамын аттестаттаудан өткізу туралы ережеге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес университеттің Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен:

- ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы ғылыми дәрежесі бар ОПҚ 5 жылда бір рет;
- ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар, академиялық және ғылыми дәрежесі жоқ ОПҚ 3 жылда бір рет аттестаттауға жатады;

1.2.2. Аттестаттауға жатпайтын қызметкерлер:

- зейнеткерлік жастағы адамдар;
 - зейнеткерлік жас алдындағы (ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) адамдар;
 - жүктілігі және босануы бойынша демалыста жүрген қызметкерлер;
 - бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы қызметкерлер.
- 1.2.3.** Негізгі штатқа жұмысқа қабылдау кезінде (конкурс қорытындысы бойынша) және уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру кезінде ПОҚ 3 жылдан кейін аттестаттаудан өтеді.

1.2.4. ОПҚ-ны аттестаттау келесі жағдайларда кешірек мерзімге ауыстырылуы мүмкін:

- ұзақ уақытқа еңбекке қабілеттіліктен айырылу;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерде қызметтік іссапарда немесе тағылымдамада болу;

- медициналық анықтамамен расталған мерзімі 12 аптадан кем емес жүктілік болған кезде. Қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен уақтылы ұсынбаған ОПҚ аттестатталмаған болып есептеледі.

1.2.5. Бала күтіміне байланысты демалыста жүрген ОПҚ жұмысқа шыққаннан кейін 3 жылдан кейін аттестаттаудан өтеді.

1.2.6. Аттестаттау парағының деректері:

- ғылыми дәрежесі жоқ ОПҚ үшін соңғы 3 оқу жылындағы;

- ғылыми дәрежесі бар ОПҚ үшін соңғы 5 оқу жылындағы ақпаратты қамтиды.

1.3. Аттестаттаудың дайындық кезеңін өткізу тәртібі:

1.3.1. Дайындық кезеңі аттестаттау форматын офлайн/ онлайн режимінде түсіндіруді, ОПҚ-ны хабардар етуді, аттестаттау комиссиясының құрамын айқындауды, аттестаттауды өткізу кестесін әзірлеуді, аттестаттау материалдарын жинақтауды және аттестаттау комиссиясына талдау ұсынуды қамтиды.

1.3.2. ОПҚ-ның аттестаттау материалдарын қарауды аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады. Аттестаттау комиссиясының, аттестатталатын ОПҚ-ның дербес құрамы, аттестаттауды өткізу мерзімдері университеттің Басқарма төрағасының-ректорының бұйрығымен бекітіледі.

1.3.3. Аттестаттау комиссиясы мынадай құрамда дауыс беру құқығы бар тақ саннан (кемінде 5 адам) тұруы тиіс: аттестаттау комиссиясының төрағасы, аттестаттау комиссиясының мүшелері және хатшы (дауыс беру құқығы жоқ).

1.3.4. Аттестаттау комиссиясының хатшысы комиссия отырысына тиісті материалдар дайындап, ол аяқталғаннан кейін хаттама ресімдейді. Хатшы техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

1.3.5. Қызметкерлерді басқару бөлімі аттестаттауға жататындар тізіміне және оны өткізу кестесіне сәйкес ОПҚ-ны аттестаттау мерзімдері мен шарттары туралы факультет декандарын жазбаша және ЭҚЖ арқылы хабардар етеді.

1.3.6. Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті сараптамалық топ құрады, оның құрамы университеттің Басқарма төрағасының-ректорының бұйрығымен бекітіледі.

II АТТЕСТАТТАУ МАТЕРИАЛДАРЫН ДАЙЫНДАУ

2.1. Білім алушылардың аттестатталатын оқытушы туралы пікірін анықтау мақсатында Сапаны қамтамасыз ету басқармасы «Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнамасын (3.1-нысан) жүргізеді. Сауалнамаға кемінде 10 білім алушы қатысуы тиіс. Сауалнаманың қорытындысын Сапаны қамтамасыз ету басқармасы ОПҚ аттестаттау парағының электрондық нысанына аттестаттау комиссиясының отырысы басталғанға дейін 3 аптадан кешіктірмей енгізеді.

2.2. Оқу сабақтарына қатысуды сараптама тобы жүзеге асырады, сарапшылардың қызметін Сапаны қамтамасыз ету басқармасы үйлестіреді. Оқу сабақтарына қатысу мақсаты: аттестатталатын оқытушының кәсіби-педагогикалық шеберлік деңгейін анықтау. Сабақты талдау нәтижелері бойынша сарапшы сапа сауалнамасын толтырады (3.2.1-3.2.5 нысандары). Сабаққа қатысу қорытындысын Сапаны қамтамасыз ету басқармасы ОПҚ аттестаттау парағының электрондық нысанына аттестаттау комиссиясының отырысы басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей енгізуге тиіс.

2.3. Кафедра меңгерушісі мен факультет деканының аттестаттауға жататын ОПҚ-ға қызметтік мінездемелерін беру аттестаттау комиссиясының отырысы басталғанға дейін 3 аптадан кешіктірмей ОПҚ-ның аттестаттау парағының электрондық нысанын толтыру арқылы көрсетілуі тиіс. Кафедра меңгерушісі мен факультет деканы толтырған қызметтік мінездемелерде аттестатталатын ОПҚ-ның кәсіби, іскерлік, моральдық қасиеттеріне негізделген, объективті баға берілуі тиіс.

2.4. Аттестатталатын ОПҚ аттестаттау комиссиясының отырысы басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей, электрондық форматтағы сауалнама деректері бар өзі толтырған аттестаттау парағын растайтын құжаттармен қоса Қызметкерлерді басқару бөліміне жібереді.

III АТТЕСТАТТАУ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

3.1. Аттестаттау материалдарын өңдеу мен талдауды Қызметкерлерді басқару бөлімінің қызметкері нәтижелерді сәйкестендіру шкаласын пайдалана отырып жүзеге асырады (1-қосымша).

IV ОПҚ-НЫ АТТЕСТАТТАУ

4.1. Аттестаттау комиссиясының отырысы оның құрамының кемінде 2/3 кворумы болған кезде офлайн форматында да, бейнеконференцбайланыс арқылы да өткізіледі.

Отырысқа аттестатталатын қызметкер әңгімелесуге шақырылады, оның аясында кешенді талдау нәтижелері айтылады, лауазымдық міндеттерді, лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген нормативтік актілерді білу деңгейі анықталады.

4.2. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ашық дауыс беруі негізінде бюллетень толтыру арқылы (2-қосымша) қызметкердің атқаратын лауазымына сәйкестік дәрежесі туралы шешім қабылданады:

- а) «атқаратын лауазымына сәйкес келеді»;
- б) «қайта аттестаттауға жатады»;
- в) «атқаратын лауазымына сәйкес келмейді».

4.3. Аттестатталушы комиссия отырысына дәлелді/ дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, мәселені қарау комиссия белгілеген неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылады.

4.4. ОПҚ-ны қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау шешімі шығарылған күннен бастап күнтізбелік 6 айдан кейін жүргізіледі.

4.5. Оқу, ғылыми-зерттеу, қоғамдық жұмыстардың, білім алушылар арасында өткізілген әлеуметтік сауалнаманың және т.б. көрсеткіштері жоғары болған жағдайда аттестаттау комиссиясы әңгімелесу өткізбей-ақ ОПҚ-ның атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

4.6. Аттестатталатын ОПҚ-ның кәсіби қызметі нәтижелілігінің көрсеткіштері төмен болып, даулы жағдайлар туындаған кезде аттестаттау комиссиясы отырысқа кафедра меңгерушісін, факультет деканын әңгімелесу үшін шақыруға құқылы.

4.7. Аттестаттау комиссиясының дауыс беру нәтижелері, қорытынды шешім қабылдауы хаттама (4-нысан) түрінде ресімделеді және оған аттестаттау комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

4.8. Аттестаттау комиссиясы кәсіби қызметінің көрсеткіштері жоғары/ төмен болған кезде ОПҚ-ның лауазымын жоғарылатуды/ төмендетуді ұсынуы мүмкін.

4.9. Аттестаттау комиссиясының «атқаратын лауазымына сәйкес келмейді» деген шешімі ОПҚ лауазымын төмендету немесе Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес онымен еңбек қатынастарын бұзу үшін негіз болып табылады.

V ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

5.1 Аттестаттау комиссиясы жұмысының нәтижелері университеттің Басқарма төрағасының-ректорының бұйрығымен бекітіледі. Бұйрық шыққаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Қызметкерлерді басқару бөлімі аттестатталатын ОПҚ-ға аттестаттау комиссиясының шешімі және кәсіби қызметті жетілдіру бойынша нақты орындау мерзімі көрсетілген ұсынымдар туралы хабарлама (5-нысан) береді.

5.2 Аттестаттау комиссиясының ұсынымдары ОПҚ-ны кезекті аттестаттауға дейін аттестаттау комиссиясының ұсынымдарын кейіннен іске асыра отырып, ОПҚ-ның электрондық жеке жоспарларында көрсетілуі тиіс.

5.3 ОПҚ аттестаттау нәтижелерімен және "атқаратын лауазымына сәйкес келмейді" деген аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, қызметкер университеттің келісу комиссиясына жүгінуге құқылы.

НӘТИЖЕЛЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУДІҢ ӘМБЕБАП ШКАЛАСЫ

Аттестаттау рәсімдері	Жоғары нәтиже	Орташа нәтиже	Төмен нәтиже	Теріс нәтиже
1. Фактографиялық парақ:				
1.1 Оқу-әдістемелік жұмыс	≥110	70-109	30-69	29≥
1.2 Ғылыми-зерттеу жұмысы	≥154	100-153	70-99	69≥
1.3 Біліктілікті арттыру	≥7	5-6	3-4	2≥
1.4 Қоғамдық жұмыс	≥5	3-4	1-2	0
2. Кафедра меңгерушісінің қызметтік мінездемесі	17-20	10-16	3-9	2≥
3. Факультет деканының қызметтік мінездемесі	17-20	10-16	3-9	2≥
4. Білім алушыларға әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері	29-35	19-28	10-18	0-9
5. Сараптау комиссиясы мүшелерінің бағалауы	3,5-4	2,9-3,4	1,8-2,8	1-1,7
Барлығы	≥342,5	≥219,9	≥114,8	114,7≥

Ескерту: аға оқытушы және оқытушы лауазымындағы ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар және ғылыми дәрежесі жоқ педагог қызметкерлер үшін балдардың жиынтық саны 1,2 коэффициентке көбейтіледі

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
20__ ж. «__» _____
аттестаттау комиссиясының отырысы

_____ факультеті

_____ кафедрасы

Т.А.Ә.	Лауазымы	Дауыс беру нәтижелері (қажет емесін сызып тастаңыз)		
		Атқаратын лауазымына сәйкес келеді	Қайта аттестаттауға жатады	Атқаратын лауазымына сәйкес келмейді

Аттестаттау комиссиясының ескертулері мен ұсыныстары:

Ескерту: қажетті ұсыныстарды шеңбермен белгілеңіз.

1. Оқытылатын пәндер бойынша оқу құралын, электрондық оқулықты, оқыту бағдарламаларын дайындау;
2. Жоғары рейтингі бар журналдарда ғылыми мақалалар жариялау;
3. Монографияны басып шығару;
4. Ғылыми әзірлемелер, академиялық тағылымдамалар өткізу үшін гранттар беруді көздейтін жобаларға қатысуды жоспарлау;
5. Білім алушыларды ғылыми конференцияларға, конкурстарға, пәндік олимпиадаларға дайындау бойынша жұмыс жүргізу;
6. Финалға шыққан немесе конкурста жеңіске жеткен стартап-жобаларға жетекшілік ету;
7. Төреші/ жаттықтырушы санатын алу;
8. Жарыстар мен төрешілікке қатысу;
9. Шығармашылық байқауларға, көрмелерге қатысу;
10. Шығармашылық басылымдарда материал жариялау, авторлық телебағдарламалар жасау және т.б.;
11. Кемінде 72 сағат көлемінде оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысуды жоспарлау;
12. Тәрбие жұмысын, қоғамдық тапсырмаларды орындау;
13. Докторантураға түсу;
14. Оқу-әдістемелік жұмысты жақсарту;
15. Ғылыми-зерттеу жұмысын жақсарту;
16. _____

_____ Т.А.Ә.

_____ қолы



НЫСАНДАР

1-нысан

Аттестаттауға жататын профессор-оқытушылар құрамының тізімі

№	Педагог қызметкердің Т.А.Ә.	Кафедрада атқаратын лауазымы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі	Жоспарлы аттестаттау өтетін оқу жылы

Қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы (қолы, Т.А.Ә.)



Есепті кезең: соңғы 5 оқу жылында ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үшін
(2016-2017;2017-2018;2018-2019;2019-2020;2020-2021);
соңғы 3 оқу жылында академиялық және ғылыми дәрежесі жоқ ПОҚ үшін
(2018-2019;2019-2020;2020-2021).

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
аттестаттау парағы

Жалпы мәліметтер

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (толық жазу)	
2.	Атқаратын лауазымы	
3.	Туған күні және жылы, жасы (толық жасы)	
4.	Ғылыми-педагогикалық өтілі	
5.	Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дағы жұмыс өтілі	
6.	Негізгі білімі	
7.	Екінші жоғары білімі	
8.	Магистратура	
9.	Берілген жылын көрсете отырып, ғылыми/ академиялық дәрежесі	
10.	Берілген жылын көрсете отырып, ғылыми атағы	
11.	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	

Қорытынды нәтиже

Аттестаттау рәсімдері	Нәтиже (балл)	Нәтиже сипаттамасы
1. Фактографиялық парақ:		
1.1 Оқу-әдістемелік жұмыс		
1.2 Ғылыми-зерттеу жұмысы		
1.3 Біліктілікті арттыру		
1.4 Қоғамдық жұмыс		
Фактографиялық парақ бойынша жиыны:		
2. Кафедра меңгерушісінің қызметтік мінездемесі		
3. Факультет деканының қызметтік мінездемесі		
4. Білім алушыларға әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері		
5. Сараптау комиссиясы мүшелерінің бағалауы		
Жалпы жиыны:		

Ескерту: аға оқытушы және оқытушы лауазымындағы ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар және ғылыми дәрежесі жоқ ПОҚ үшін балдардың жиынтық саны 1,2 коэффициентке көбейтіледі.

1. Фактографиялық деректер

№	Параметрлер	Нұсқалар	Балдар	Ақпаратты растайтын бөлімше басшысының қолы
1. оәж	idl.buketov.edu.kz сайтында әдістемелік портфелінің болуы (пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар)/ пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, дәрістер, презентациялар, оқытылатын пәндер бойынша практикалық/ ағымдағы тапсырмалар, соның ішінде есепті кезеңде ағылшын және басқа да шет тілдерінде әзірленген)	а) жоқ б) бір пән бойынша в) екі пән бойынша г) үш пән бойынша д) төрт пән бойынша е) бес пән бойынша ж) бестен астам оқу пәні бойынша (көрсету) е) ағылшын және басқа да шет тілдеріндегі әрбір оқу курсы үшін (шет тілі факультетінде оқылатын «Шет тілі» пәні мен оқу курстарына қолданылмайды)	0 1 2 3 4 5 6 20	Қашықтықтан білім беру орталығының басшысы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
2. оәж	Тәжірибе бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, практикумдар мен әдістемелік ұсынымдар (нұсқаулар) шығару	а) жоқ б) әрбір практикум, әдістемелік ұсыным (нұсқау) үшін в) Қазақстан мен ТМД-да шығарылған әрбір оқу-әдістемелік құрал үшін г) ҚР ҒЖБМ, РОӘК таңбасы бар әрбір оқулық, оқу құралы үшін д) ҚР ҒЖБМ, РОӘК таңбасымен ағылшын тіліндегі әрбір оқулық, оқу құралы үшін	0 8 10 15 25	Академиялық жұмыс департаментінің бас маманы Есепті кезеңдегі ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектердің расталған тізімі қоса беріледі. <i>Ескерту:</i> «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Академиялық кеңесінің таңбасы жоқ оқу әзірлемелері университеттің Ғылыми кітапханасының қорында болған кезде есептеледі. «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ғылыми кітапханасынан анықтама қоса беріледі
3. оәж	Білім беру платформаларында орналастырылған жаппай ашық онлайн-курстарды әзірлеу	а) жоқ б) ұлттық білім беру платформасында в) шетелдік білім беру платформаларында	0 15 25	Қосымша білім беру факультетінің деканы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
4. оәж	Студенттер, магистранттар, докторанттарға арналған пәндік олимпиадалардың, ғылыми конференциялардың, шығармашылық конкурстар жеңімпаздарының болуы	а) жоқ б) университеттік деңгейдегі іс-шаралардағы в) өңірлік деңгейдегі іс-шаралардағы г) республикалық деңгейдегі іс-шаралардағы д) халықаралық деңгейдегі іс-шаралардағы әрбір жеңімпаз үшін	0 1 2 5 10	Ғылым департаментінің директоры Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
5. оәж	Әдістемелік (республикалық және халықаралық маңызы бар) бағыттағы комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына қатысу	а) жоқ б) _____ мүшесі (көрсету) в) _____ басшысы (көрсету)	0 2 4	Академиялық жұмыс департаментінің бас маманы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
6. оәж	ҚР ҒЖБМ желісі бойынша тест тапсырмаларына, оқулықтарға, оқу құралдарына сараптама жүргізуге қатысу	а) жоқ б) _____ сарапшы (көрсету) в) _____ әзірлеуші (көрсету) г) _____ басшы (көрсету)	0 2 4 6	Академиялық жұмыс департаментінің бас маманы Растайтын құжаттардың (іссапарға жіберу туралы бұйрық) скриншоты қоса беріледі
7. оәж	Университет деңгейінде сараптау топтарына, комиссияларына қатысу	а) жоқ б) _____ сарапшы (көрсету) в) _____ басшы (көрсету)	0 2 4	Академиялық жұмыс департаментінің бас маманы, Сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
8. оәж	Оқытылатын курстар бойынша электронды оқулықтар, мультимедиялық презентациялар, бейнедәрістер жасау	а) жоқ б) пән бойынша әрбір әзірлеме үшін в) әрбір бейнедәріс үшін г) әрбір электронды оқулық үшін	0 4 5 7	Қашықтықтан білім беру орталығының басшысы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі <i>Ескерту:</i> әзірлемелер саны пәндер саны бойынша анықталады

9*. оәж шж	Есепті кезеңде төреші санатын алу (дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ б) спорт түрі бойынша төреші в) республикалық санаттағы төреші г) жоғары ұлттық санаттағы төреші д) халықаралық санаттағы төреші	0 3 5 7 10	Декан Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
10*. оәж шж	Есепті кезеңде жаттықтырушы санатын алу (дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ б) екінші санатты жаттықтырушы в) бірінші санатты жаттықтырушы г) жоғары санатты жаттықтырушы	0 5 7 10	Декан Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
11*. оәж шж	Жарыстарға және төрешілік етуге қатысу (дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ б) университеттік деңгейдегі іс-шаралардағы в) өңірлік деңгейдегі іс-шаралардағы г) республикалық деңгейдегі іс-шаралардағы д) халықаралық деңгейдегі іс-шаралардағы жарыстарға және төрешілік етуге әрбір қатысқаны үшін	0 3 5 7 10	Декан Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
12*. оәж шж	Спортшыларды даярлау (дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ б) бірінші спорттық разряды бар в) спорт шеберіне үміткер г) спорт шебері атағы бар әрбір спортшы үшін	0 5 10 15	Декан Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
13*. оәж шж	Командаларды жарыстарға даярлау (дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) қатысқан жоқ б) жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орындары арасындағы дәрежелерде в) өңірлік дәрежеде г) республикалық дәрежеде д) халықаралық дәрежеде жеңімпаз атанған әрбір команда үшін	0 3 5 7 10	Декан Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
14. гзж	Есепті кезеңде ғылыми атақ алу	а) жоқ б) ҒЖБССҚК қауымдастырылған профессоры (доцент) в) ҒЖБССҚК профессоры	0 10 15	Қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
15. гзж	Ғылыми мақалалар мен монографиялардың болуы	а) Web of Science (ClarivateAnalytics) және/ немесе Scopus дерекқорларында индекстелетін халықаралық конференциялар журналдары мен материалдарында: - Q ₄ /25%-дан кем - Q ₃ / 35%-дан кем - Q ₂ /от 35%-дан 50%-ға дейін - Q ₁ /50% және одан жоғары тиісті квартилі және проценти бар; б) ҒЖБССҚК-ның және ТМД-ның рецензияланатын журналдарында; в) «Қарағанды университетінің хабаршысы», «Eurasian Physicaltechnicaljournal» журналдарында WebofScience және/ немесе Scopus нұсқасы бойынша Хирш индексі 10-нан кем емес шетелдік ғалыммен бірлескен авторлықта шет тілінде жазылған; г) басқа журналдардағы және: - Қазақстан - жақын шетел - алыс шетел журналдарындағы конференция материалдарындағы әрбір мақала үшін а) Қазақстанда мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылған б) Қазақстанда ағылшын тілінде шығарылған в) ТМД-да шығарылған г) алыс шетелде ағылшын тілінде шығарылған д) ClarivateAnalytics және/ немесе Scopus базаларында шығарылған әрбір монография үшін	10 30 40 50 5 40 4 6 7 7 10 20 30 70	Ғалым хатшы Есепті кезеңдегі ғылыми еңбектердің расталған тізімі және квартилі немесе проценти көрсетіле отырып, WebofScience (ClarivateAnalytics) және/ немесе Scopus дерекқорлары мақалаларының скриншоттары қоса беріледі
16. гзж	Хирш индексінің болуы	а) жоқ б) 3-тен кем в) 3-тен 10-ға дейін г) 10-нан астам	0 15 35 60	Ғылым департаментінің директоры WebofScience (ClarivateAnalytics) және/ немесе Scopus дерекқорларындағы сілтемелер көрсетіледі

17. гзж	Өнертабысқа патенттердің немесе авторлық құқық куәлігінің болуы	а) жоқ б) пайдалы модельге, қызметтік туындыға авторлық куәлік үшін в) Қазақстанда берілген г) шетелде берілген д) ClarivateAnalytics және/ немесе Scopus базаларына енгізілген әрбір патент үшін	0 4 7 10 20	Ғылым департаментінің директоры Патенттің, авторлық куәліктің «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ пен қызметтік туындының пайдалану туралы жасалған шарттың скриншоттары қоса беріледі
18. гзж	PhD диссертациялық кеңестерінің жұмысына қатысу, аттестатталатын оқытушының жетекшілігімен қорғалып шыққан магистрлердің, PhD докторларының болуы	а) жоқ б) диссертация қорғаған әрбір магистр үшін в) _____ диссертациялық кеңестің мүшесі (көрсету) г) _____ диссертациялық кеңестің төрағасы (көрсету) д) әрбір қорғалған PhD докторы үшін	0 4 5 10 15	Ғылым департаментінің директоры Академиялық жұмыс департаментінің директоры Диссертациялық кеңестің жұмысына қатысканы туралы құжаттың, қорғалғандардың авторефератының титул және сыртқы парақтарының скриншоттары немесе магистрлік жұмыс жетекшілерін тағайындау туралы бұйрықтардың скриншоттары растайтын құжаттар ретінде қоса беріледі
19. гзж	Финалға шыққан немесе конкурста жеңіске жеткен стартап-жобаларға жетекшілік ету	а) жоқ б) университеттік деңгейдегі в) өңірлік деңгейдегі г) республикалық деңгейдегі д) халықаралық деңгейдегі әрбір стартап-жоба үшін	0 1 3 7 10	Ғылым департаментінің директоры Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
20. гзж	Ғылыми бағыттағы (республикалық және халықаралық маңызы бар) ғылыми бірлестіктердің, шығармашылық және кәсіби қауымдастықтардың, комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына қатысу	а) жоқ б) _____ мүшесі (көрсету) в) _____ жетекшісі (көрсету)	0 2 4	Ғылым департаментінің директоры Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
21. гзж	Әзірлемелерге, қаржыландырылатын (гранттық) ғылыми жобаларға, оның ішінде шаруашылық шарттарға, мемлекеттік бюджеттік тақырыптарға қатысу	а) жоқ б) Қаржыландырылатын әрбір жоба үшін: в) орындаушы ретінде г) жетекші ретінде в качестве руководителя	0 6 10	Ғылым департаментінің директоры Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
22. гзж	Білім беру және ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оның ішінде қонақ дәріскері ретінде қатысу (Erasmus, DAAD, қонақ дәрістері бағдарламалары және т.б.)	а) жоқ б) әрбір республикалық жоба, бағдарлама үшін (атауын, өткізу орны мен уақытын көрсету) в) әрбір халықаралық жоба, бағдарлама үшін (атауын, өткізу орны мен уақытын көрсету)	0 5 10	Ғылым департаментінің директоры, Академиялық жұмыс департаментінің директоры, Халықаралық ынтымақтастық басқармасының басшысы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
23. гзж	ҚР ҒЖБМ-ның қорлардың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»/ «Үздік ғылыми қызметкер» грантын, ғылыми стипендияларын және «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың жас ғалымдарға арналған грантын алу	а) жоқ б) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың жас ғалымдарға арналған гранты г) ҚР ҒЖБМ, қорлардың ғылыми стипендиялары _____ (стипендиялардың атауы) в) «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»/ «Үздік ғылыми қызметкер» гранты	0 5 8 10	Ғылым департаментінің директоры Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
24** гзж шж	Есепті кезеңде шығармашылық атак алу Получение творческого звания в отчетный период (шығармашылық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ б) Құрметті дизайнер (медаль) в) ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі г) Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі д) ҚР Суретшілер одағының мүшесі е) ҚР Журналистер одағының мүшесі ж) ҚР Ұлттық дизайн академиясының академигі з) халықаралық сыйлықтың лауреаты и) ҚР сыйлығының лауреаты к) ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері	0 5 5 5 5 5 10 10 10 20	Қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі

25** ГЗЖ ШЖ	Шығармашылық көрмелерге, конкурстарға қатысу (шығармашылық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) қатысқан жоқ б) жеке көрмеге в) өңірлік, қалалық дәрежедегі г) республикалық дәрежедегі д) Қазақстан аумағындағы халықаралық дәрежедегі конкурстарға әрбір қатысқаны үшін е) республикалық конкурстың жеңімпазы ж) халықаралық конкурстың жеңімпазы з) Қазақстаннан тыс халықаралық дәрежедегі	0 5 5 6 7 8 10 10	Ғылым департаментінің директоры Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
26** ГЗЖ ШЖ	Шығармашылық басылымдардағы жарияланымдар, журналистика кафедрасының оқу телевидениесінде авторлық телебағдарламалар және т.б. жасау (шығармашылық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ Әрбір басылым мен әзірleme үшін: б) туындылардың репродукциялары в) авторлық бағдарламалар, бейнематериалдар, университет туралы имидждік роликтер г) каталогтар д) буклеттер, эскиздер е) альбомдар	0 5 5 6 7 10	Кафедра меңгерушісі Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
27* ГЗЖ ШЖ	Есепті кезеңде спорттық атақ алу (дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін)	а) жоқ б) ҚР спорт шеберіне үміткер в) ҚР спорт шебері	0 7 10	Декан Растайтын құжаттардың скриншоты қоса беріледі
28. БА	Оқытылатын пән бейіні бойынша кемінде 72 сағат көлемінде біліктілігін арттыру	а) жоқ б) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқыту семинарларында _____ в) республика шегінде (оту орны мен уақытын көрсету) _____ г) академиялық ұтқырлық бағдарламасы немесе ғылыми тағылымдама шеңберінде шетелде (оту орны мен уақытын көрсету) _____ е) TOEFL, IELTS, TestDaF, TEI, DELF, TCF бағдарламалары шеңберінде Upperintermedia деңгейінде тілді меңгеру туралы сертификат бере отырып, шетелдік ұйымдар өткізетін шет тілі курстарында	0 4 6 10 10	Қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы Қосымша білім беру факультетінің деканы Сертификаттардың скриншоттары растайтын құжаттар ретінде қоса беріледі
29. КЖ	Тәрбие жұмысын, қоғамдық тапсырмаларды орындау	а) кафедра ішінде б) факультет ішінде в) университет ішінде	1 2 3	Декан

Ескерту: оқытушы аттестаттау парағын есепті кезеңдегі қызмет нәтижелерін ескере отырып толтырады.

* - дене шынықтыру және спорт факультетінің профессор-оқытушылар құрамы үшін.

** - шығармашылық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы үшін (бейнелеу өнері және дизайн, журналистика кафедралары үшін).

2. Кафедра меңгерушісінің аттестатталатын қызметкердің жұмысы туралы қызметтік мінездемесі

Критерийлер	Иә	Жоқтан гөрі иә	Иәден гөрі жоқ	Жоқ
	+1	+0,5	0	-0,5
1. Пәнді білу	4	3	2	1
2. Оқыту әдістемесін меңгеру	4	3	2	1
3. Оқу-әдістемелік жұмысты орындау (әдістемелік материалдарды, ғылыми-әдістемелік жарияланымдарды және т.б. әзірлеу)	4	3	2	1
4. Инновациялық оқыту нысандарын пайдалану (слайдтық дәрістер өткізу, техникалық оқыту құралдарын қолдану, үлестірме/көрнекі материалдарды, ойын жағдаяттарын пайдалану және т.б.)	4	3	2	1
5. Өзінің кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға ұмтылу, оның ішінде кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларға (семинарлар, тренингтер, жазғы мектептер, курстар және т.б.) қатысу	4	3	2	1
6. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ұмтылу, оның ішінде студенттерді пәндік олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, шығармашылық конкурстарға дайындау	4	3	2	1
7. Білім және ғылым саласындағы нормативтік құжаттарды білуі	4	3	2	1
8. Зерттеу белсенділігі	4	3	2	1
9. Гранттық жобаларға, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу	4	3	2	1

10. Студенттердің білімін бағалаудағы объективтілік	4	3	2	1
11. Аудиториямен байланыс орнату білу	4	3	2	1
12. Тыңдау және диалог жүргізу қабілеті	4	3	2	1
13. Әдептілік	4	3	2	1
14. Шиеленісті жағдайлардан аулақ бола білу	4	3	2	1
15. Басшылықпен іскерлік қарым-қатынас орната білу	4	3	2	1
16. Жұмысқа деген ынтасы	4	3	2	1
17. Ұқыптылық	4	3	2	1
18. Орындаушылық	4	3	2	1
19. Жауапкершілік	4	3	2	1
20. Тәрбие жұмысын, қоғамдық тапсырмаларды орындау	4	3	2	1

Кафедра меңгерушісінің аттестатталатын ПОҚ жұмысы туралы қысқаша пікірі:

- кәсіби жауапкершілігі және ұйымшылдығы (білімді сақтау, беру, пайдалану және арттыру жауапкершілігі, оқыту сапасы үшін жауапкершілік сезімі, жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыру қабілеті, нақты мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе білу);
- инновациялық қабілеттері (жаңашылдыққа қабілеттілік, оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу және т.б.);
- коммуникативтік қабілеттері (жұмысты жоспарлау, студенттерді біріктіру, студенттердің эмоционалдық жағдайын бағалау, студенттерді жан-жақты тәрбиелеу, ұжымда тиімді жұмыс істей білу);
- адамгершілік және эмоционалды сапа деңгейі (күйзеліске, жүйке жүйесінің бұзылыстарына, қызбалыққа, ұстамсыздыққа бейім болу));
- кәсіби қызметті жетілдіру бойынша ұсынымдарды көрсету.

Ескерту: кафедра меңгерушісі толтырады және қол қояды

3. Деканның аттестатталатын жұмыскердің қызметі туралы қызметтік мінездемесі

Критерийлер	Иә	Жоқтан гөрі иә	Иәден гөрі жоқ	Жоқ
	+1	+0,5	0	-0,5
1. Пәнді білу	4	3	2	1
2. Оқыту әдістемесін меңгеру	4	3	2	1
3. Оқу-әдістемелік жұмысты орындау (әдістемелік материалдарды, ғылыми-әдістемелік жарияланымдарды әзірлеу және т.б.)	4	3	2	1
4. Оқытудың инновациялық нысандарын қолдану (слайдтық дәрістер өткізу, техникалық оқыту құралдарын қолдану, үлестірме/көрнекі материалдарын, ойын жағдаяттарын пайдалану және т.б.)	4	3	2	1
5. Өзінің кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға ұмтылу, оның ішінде кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларға (семинарлар, тренингтер, жазғы мектептер, курстар және т.б.) қатысу	4	3	2	1
6. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ұмтылу, оның ішінде студенттерді пәндік олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, шығармашылық конкурстарға дайындау	4	3	2	1
7. Білім және ғылым саласындағы нормативтік құжаттарды білу	4	3	2	1
8. Зерттеу белсенділігі	4	3	2	1
9. Гранттық жобаларға, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу	4	3	2	1
10. Білім алушылардың білімін бағалаудағы объективтілік	4	3	2	1
11. Аудиториямен байланыс орнату білу	4	3	2	1
12. Тыңдау және диалог жүргізу қабілеті	4	3	2	1
13. Әдептілік	4	3	2	1
14. Даулы жағдайларды болдырмау қабілеті	4	3	2	1
15. Басшылықпен іскерлік қарым-қатынас орната білу	4	3	2	1
16. Жұмысқа деген ынта	4	3	2	1
17. Ұқыптылық	4	3	2	1
18. Орындаушылық	4	3	2	1
19. Жауапкершілік	4	3	2	1
20. Тәрбие жұмысын, қоғамдық тапсырмаларды орындау	4	3	2	1

Факультет деканының аттестатталушы ПОҚ жұмысы туралы қысқаша пікірі:

- кәсіби шеберлік (пән саласындағы білім, кәсіби міндеттерді шешу шеберлігінің деңгейі, ойлау қабілеті дамыған, зияткерлік әлеует);
- ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ (ғылыми ортадағы танымалдылығы, ғылыми-зерттеу қызметінің деңгейі, жоспарлары);

- зиялылық, мәдениет (*рухани мәдениеті бай, өздік ойлау, мінез-құлық нормасы, сөйлеу мәдениеті*);
- іскерлік қасиеттер (*арнайы дағдылар, біліктер, аналитикалық қабілеттер, жаңашылдық, шет тілдерін білу*).

Ескерту: факультет деканы толтырады және қол қояды.

4. Аттестатталатын қызметкерге қатысты білім алушылар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері.

- Қорытынды балл;
- Сауалнамаға жауап берушілер саны;
- Түсініктеме (сарапшының кері байланысы).

Ескерту: Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті толтырады және қол қояды.

5. Сараптама комиссиясы мүшелерінің өткізілген сабақтардың сапасын бағалауы.

- Қорытынды балл;
- Талдау.

Ескерту: Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті толтырады және қол қояды.

6. Соңғы жоспарлы аттестаттау шеңберінде аттестаттау комиссиясының ұсынымдарын орындау дәрежесі.

Ескерту: Қызметкерлерді басқару бөлімі толтырады және қол қояды.

7. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ескертулері және/немесе ұсынымдары.

Ескерту: Қызметкерлерді басқару бөлімі толтырады және қол қояды.

8. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің дауыс беру қорытындысы.

Ескерту: Қызметкерлерді басқару бөлімі толтырады және қол қояды.

Менің кәсіби жетістіктерімді, ескертпелерімді, аттестаттау комиссиясының ұсынымдары мен шешімдерін түсіндіре отырып _____

(*келісемін / келіспеймін, қолы*)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы (қолы, Т. А. Ә.)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы (қолы, Т. А. Ә.)

Аттестаттауды өткізу күні: « ____ » _____ 20__ жыл

Аттестаттау парағымен және қосымшасымен таныстым:

САУАЛНАМА
«Оқытушылар студенттер көзімен»

Құрметті студент!

Университетте оқу сапасын анықтау мақсатында ұсынылған критерийлер бойынша оқытушының қызметін бағалауды және өте адал болуды сұраймыз. Әр критерийді мұқият оқып шығыңыз және 1 - ден 5 - ке дейін балл қойыңыз, мұнда 5 - өте жақсы, 4 - жақсы, 3 - қанағаттанарлық, 2-жалпы қанағаттандырмайды, 1-толығымен қанағаттандырмайды. Сіздің көзқарасыңызды көрсететін жауап опциясын тандап, оны белгілеңіз. Сауалнамаға қатысу анонимді.

Оқыту сапасын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін барлық деректер жалпыланған түрде пайдаланылатын болады.

Оқытушының қызметін бағалау критерийлері	Оқыту деңгейі / Уровень преподавания				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Жалпы қанағаттанбаймын	Толық қанағаттанбаймын
	5	4	3	2	1
1. Материалды ұсынудың қол жетімділігі мен логикасы, қиын тақырыптарға түсініктеме беру, тақырыптағы ең маңызды тұстарды белгілей алу					
2. Жоғары эрудиция, пәнге деген қызығушылықты ояту қабілеті, аудиторияның реакциясына назар аудару, пікірталасқа шақыру, студенттердің жетістіктеріне қызығушылық					
3. Студенттерді оқытылатын материалды курстық/ дипломдық/ магистрлік жұмыстарда, болашақ кәсіби қызметте пайдалануға бағыттау					
4. Өз пәніне шығармашылық көзқарас пен қызығушылықтың болуы, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған тәжірибеге бағытталған, креативті тапсырмаларды қолдану					
5. Интерактивті құралдарды, оқытудың инновациялық әдістерін, интернет-технологияларды пайдалану					
6. Жоғары мінез-құлық мәдениеті, студенттерге құрметпен қарау					
7. Студенттердің білімін бағалаудағы объективтілік, ашықтық қағидаттарын сақтау					

Дәріс сабағын өткізу сапасы туралы сауалнама

Оқытушының Т.А.Ә. және лауазымы _____

Кафедра атауы _____

Пән атауы _____

Тақырыбы _____

_____ курс Білім деңгейі (бакалавриат/ магистратура/ докторантура)

_____ тобы Оқыту тілі _____

Топтағы білім алушылар саны _____

Қатысқан білім алушылар саны _____

Күні _____

Сабақты бағалау критерийлері	Сарапшының сабақты бағалауы			
	Толығымен қанағаттандырады 4 балл	Қанағаттандырады 3 балл	Ішінара қанағаттандырады 2 балл	Жақсартуды қажет етеді 1 балл
Пәннің оқу бағдарламасының (Syllabus) тақырыптық жоспарына тақырыптар, қарастырылатын мәселелер тізбесінің сәйкестігі				
Дәріс тақырыбын, мақсаттарын тұжырымдаудағы айқындық				
Білімді өзектендіру, алдыңғы материалмен байланыстыру				
Дәріс тақырыбы бойынша ұсынылған әдебиеттерге және басқа дереккөздерге қысқаша шолу (соның ішінде материалды ұсыну барысында оларға сілтеме жасау)				
Пәнді білу деңгейі, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру				
Терминдер мен ұғымдарды түсіндірудің қарапайымдылығы, күрделі тұстарын түсіндіру				
Оқу материалының мазмұнына оқыту құралдары, әдістері мен тәсілдерінің сәйкестігі				
Материалды ұсынудың жүйелілігі мен дәйектілігі, негізгі ойларға баса назар аудару				
Білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту				
Теориялық материалдың практикамен, болашақ кәсіби қызмет саласымен байланысы				
Аудиториямен кері байланыстың болуы, білім алушылармен диалог				
Студенттерге деген мейірімділік пен әдептілік				
Оқытушының шешендік қабілеті: дикциясы, материалды сенімді ұсынуы, дауыс ырғағының әр қилы болуы, сөйлеу мәдениеті және логикасы				
Оқу уақытың ұтымды пайдалану				
Қорытындыларды тұжырымдау, дәрісті қорытындылау				
*Орташа балл: _____				

* Сабақ бойынша орташа балл мына формула бойынша есептеледі: жалпы балл саны / критерийлер саны

Ескертулер мен түсініктемелер:

Ұсынымдар:

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ МҮШЕСІ:

_____ (қолы)

_____ Сарапшының ТАӘ

_____ лауазымы

ОҚЫТУШЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ:

Ескертулермен және ұсынымдармен келісемін / келіспеймін (керегінің астын сызу керек)

_____ (қолы)

_____ Оқытушының ТАӘ

_____ лауазымы

Практикалық сабақты өткізу сапасы туралы сауалнама

Оқытушының Т.А.Ә. және лауазымы _____
 Кафедра атауы _____
 Пән атауы _____
 Тақырыбы _____
 _____ курс Білім деңгейі (бакалавриат/ магистратура/ докторантура)
 _____ тобы Оқыту тілі _____
 Топтағы білім алушылар саны _____
 Қатысқан білім алушылар саны _____
 Күні _____

Сабақты бағалау критерийлері	Сарапшының сабақты бағалауы			
	Толығымен қанағаттандырады	Қанағаттандырады	Ішінара қанағаттандырады	Жақсартуды қажет етеді
	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1. Пәннің оқу бағдарламасының (Syllabus) тақырыптық жоспарына тақырыптар, қарастырылатын мәселелер тізбесінің сәйкестігі				
2. Сабақтың нақты құрылымы, негізгі мәселелерді қарастыру кезектілігі				
3. Оқу материалының мазмұнына оқыту құралдары, әдістері мен тәсілдерінің сәйкестігі				
4. Зерттелетін материалдың практикамен, болашақ кәсіби қызмет саласымен байланысы				
5. Білім алушылардың іс әрекетін басқару				
6. Пәнді білу деңгейі, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру				
7. Студенттердің сыни ойлауын ынталандыратын әдіс-тәсілдерді қолдану, пікірталас ұйымдастыру				
8. Оқу уақытын ұтымды пайдалану				
9. Аудиториямен байланыс орната білу, студенттерге деген мейірімділік пен әдептілік				
10. Оқытушының сөйлеу мәдениеті				
11. Білім алушылардың іс-әрекетіне объективті және жан-жақты баға бере білу				
12. Қорытындыларды тұжырымдау, практикалық сабақты қорытындылау				
*Орташа балл: _____				

** Сабақ бойынша орташа балл мына формула бойынша есептеледі: жалпы балл саны / критерийлер саны*

Ескертулер мен түсініктемелер:

Ұсынымдар:

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ МҮШЕСІ:

_____ (қолы)

_____ Сарапшының ТАӘ

_____ лауазымы

ОҚЫТУШЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ:

Ескертулермен және ұсынымдармен келісемін / келіспеймін (керегінің астын сызу керек)

_____ (қолы)

_____ Оқытушының ТАӘ

Ұсынымдар:

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ МҮШЕСІ:

(қолы)

Сарапшының ТАӘ

лауазымы

ОҚЫТУШЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ:

Ескертулермен және ұсынымдармен келісемін / келіспеймін (керегінің астын сызу керек)

(қолы)

Оқытушының ТАӘ

Шығармашылық шеберханаларда практикалық сабақ өткізу сапасы туралы сауалнама

Оқытушының Т.А.Ә. және лауазымы _____
 Кафедра атауы _____
 Пән атауы _____
 Тақырыбы _____
 _____ курс Білім деңгейі (бакалавриат/ магистратура/ докторантура)
 _____ тобы Оқыту тілі _____
 Топтағы білім алушылар саны _____
 Қатысқан білім алушылар саны _____
 Күні _____

Сабақты бағалау критерийлері	Сарапшының сабақты бағалауы			
	Толығымен қанағаттандырады 4 балл	Қанағаттандырады 3 балл	Ішінара қанағаттандырады 2 балл	Жақсартуды қажет етеді 1 балл
1. Оқу бағдарламасының (Syllabus) мазмұнына пәндегі тақырыптың сәйкестігі				
2. Оқу міндеттерін орындау үшін білім алушыларды дайындау				
3. Жұмыс үшін қажетті құралдар мен материалдардың болуы				
4. Тапсырманы орындау бойынша әдіс-тәсілдерді көрсетудің айқындылығы, тапсырманы орындау техникасын түсіндірудің қолжетімділігі мен дәйектілігі, материалдар мен жабдықтарды пайдалану технологиясы бойынша нұсқама				
5. Көрнекі әдістемелік құралдардың болуы: - әдістемелік құралдардың тақырыпқа сәйкестігі, олардың бейнелілігі, көрнекілігі; - қойылым материалының сабақ мақсатына сәйкестігі; - тақтадағы иллюстрация (қажет болған жағдайда)				
6. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жеке қателіктерін болдырмау және жою: ескертулердің дұрыстығы, оқытушының әдептілігі				
7. Білім алушылардың қызметін жандандыра білу				
8. Сабақтың барысын бақылай білу				
9. Оқу уақытын ұтымды пайдалана білу				
10. Аудиториямен байланыс орната білу, студенттерге деген мейірімділік пен әдептілік				
11. Оқытуда жеке көзқарасты жүзеге асыра білу				
12. Сөйлеу мәдениеті				
13. Білім алушылардың жұмысын бағалаудағы объективтілік: оң/теріс жақтарын негіздеу, қателерді түзету жолдарын белгілеу				
*Орташа балл: _____				

* Сабақ бойынша орташа балл мына формула бойынша есептеледі: жалпы балл саны / критерийлер саны
 Ескертулер мен түсініктемелер:

Ұсынымдар:

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ МҮШЕСІ:

(қолы)

Сарапшының ТАӘ

лауазымы

ОҚЫТУШЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ:

Ескертулермен және ұсынымдармен келісемін / келіспеймін (керегінің астын сызу керек)

(қолы)

Оқытушының ТАӘ

Дене шынықтыру бойынша практикалық сабақты өткізу сапасы туралы сауалнама

Оқытушының Т.А.Ә. және лауазымы _____
 Кафедра атауы _____
 Пән атауы _____
 Тақырыбы _____
 _____ курс Білім деңгейі (бакалавриат/ магистратура/ докторантура)
 _____ тобы Оқыту тілі _____
 Топтағы білім алушылар саны _____
 Қатысқан білім алушылар саны _____
 Күні _____

Сабақты бағалау критерийлері	Сарапшының сабақты бағалауы			
	Толығымен қанағаттандырады	Қанағаттандырады	Ішінара қанағаттандырады	Жақсартуды қажет етеді
	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1. Оқу бағдарламасының (Syllabus) тақырыптық жоспарына пәннің тақырыбы мен мазмұнының сәйкестігі				
2. Сабақтың мақсатын белгілеу, сабақтың нақты құрылымы				
3. Сабақты өткізу кезінде дене шынықтыру залының жай-күйі мен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету				
4. Оқытушының орнын дұрыс таңдауы және білім алушыларды орналастыру				
5. Командалар мен бұйрықтар бере білу, олардың нақты орындалуын талап ету; дауысты меңгере алу				
6. Жаттығу көлемінің дұрыстығы мен олардың сабақ кезеңдеріне сәйкестігі				
7. Оқытушының жаттығуларды көрсету техникасы: түсіндіру барысында жаттығуларды нақты көрсету; жаттығуды орындау кезінде мүмкін болатын қателіктерге студенттердің назарын аудару				
8. Жаттығуларды көрсету және түсіндіру кезінде оқытушының уақытты тиімді пайдалануы				
9. Оқытушының білім алушылардың жеке қателіктерін жоюы				
10. Оқу уақытын ұтымды пайдалана білу				
11. Сабақтағы оңтайлы қозғалыс белсенділігі				
12. Оқытуда жеке көзқарасты жүзеге асыра білу				
13. Сабақты қорытындылау. Білім алушылардың қызметін объективті бағалай білу				
*Орташа балл: _____				

* Сабақ бойынша орташа балл мына формула бойынша есептеледі: жалпы балл саны / критерийлер саны

Ескертулер мен түсініктемелер:

Ұсынымдар:

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ МҮШЕСІ:

_____ (қолы)

_____ Сарапшының ТАӘ
_____ лауазымы

ОҚЫТУШЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ:

Ескертулермен және ұсынымдармен келісемін / келіспеймін (керегінің астын сызу керек)

_____ (қолы)

_____ Оқытушының ТАӘ

Аттестаттау комиссиясының шешімдер қабылдауының
20 ____ жылғы « ____ » _____
№ ____ хаттамасы

Қатысқандар:

Кворум:

Дауыс беру және шешім қабылдау нәтижелері:

№	Аттестатталатын қызметкердің Т.А.Ә.	Қабылданған шешім үшін дауыс беру нәтижелері	Атқаратын лауазымы	Аттестаттау комиссиясының шешімі	Аттестаттау комиссиясы мүшесінің өз шешімін негіздеуі
1.					
2.					
3.					

Қолтаңбалар:

Аттестаттау комиссиясының төрағасы
Аттестаттау комиссиясының мүшелері
Хатшы

Көшірмесі жеке іске тігіледі

Аттестаттау комиссиясының шешімі туралы хабарлама**1-нұсқа («Атқаратын лауазымына сәйкес келеді» деген шешім қабылданған кезде)**

Ұсынылған есептік материалдарды қарап, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың аттестаттау комиссиясы _____ (Т.А.Ә. толық көрсетіледі) _____ кафедрасы бойынша _____ лауазымына **3 жыл/ 5 жыл мерзімге** (____ жылға дейін қоса алғанда) аттестаттауға және кәсіби қызметін жетілдіру мақсатында мыналарды ұсынуға шешім шығарды:

(ұсынымдарды көрсету)

2-нұсқа («Атқаратын лауазымына сәйкес келмейді» деген шешім қабылданған кезде)

Ұсынылған есептік материалдарды қарап, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың аттестаттау комиссиясы _____ (Т.А.Ә. толық көрсетіледі) _____ байланысты _____ кафедрасы (себептерін көрсету) бойынша _____ лауазымында аттестаттамауға шешім шығарды.

Осы шешімнің негізінде Сіз келесі аттестаттауға дейін _____ кафедрасының _____ лауазымына ауыстырыласыз (егер аттестаттау жоспарланған болса).

Кәсіби қызметті жетілдіру мақсатында аттестаттау комиссиясы Сізге мыналарды ұсынады:

(ұсынымдарды көрсету)

3-нұсқа («Атқаратын лауазымына сәйкес келмейді» деген шешім қабылданған кезде)

Ұсынылған есептік материалдарды қарап, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4-тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың аттестаттау комиссиясы _____

(кафедрасы, лауазымы, Т.А.Ә. көрсетіледі)

20__ ж _____ бастап еңбек қатынастарын бұзу туралы шешім шығарды.

(күнін көрсету)

4-нұсқа («Қайта аттестаттауға жатады» деген шешім қабылданған кезде)

Ұсынылған есептік материалдарды қарап, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» _____ КЕАҚ-тың _____ аттестаттау _____ комиссиясы _____ байланысты

(себептерін / ескертулерді көрсету)

(аттестатталатын оқытушының кафедрасын, лауазымын, Т.А.Ә. толық көрсету) қайта аттестаттауға жіберу туралы шешім шығарды.

Қайта аттестаттау 20__ ж. _____ өтеді.

(айын көрсету)

(20__ ж. «__» №__ бұйрық)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Хабарламаны 20__ ж. «__» _____ алдым.

Келісілді:

Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор  С.С. Сагинтаева

Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Е.М. Тәжбаев

Басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректор  Е.Ж. СармурзинБасқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор  М.Ж. Сыздықов

Қызметкерлерді басқару басқармасы басшысы А.Т. Төлеубеков

Заң басқармасы басшысы  Ш.Т. Байкенжина

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті оқытушыларының,
қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы»
ҚО комитетінің төрағасы

 М.К. Жунусова